

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 АЛМАТЫ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

№ 24 ж. 31 ОЗ

1509-1910-02-МК

1999 ж. 23 ОЗ

1509-1910-02-ГП

2012 ж. 23 ОЗ

1999 ж. 23 ОЗ

990240007246

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрлігі
 Мемлекеттік мүлік
 және жекешелендіру комитеті
 Төрағасының
 2012 жылғы «18» сәуірсарған № 475
 бұйрығымен бекітілген



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 АЛМАТЫ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

№ 3947 бұйрығы

2014 ж. 25 11

2014 ж. 25 11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 АЛМАТЫ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

№ 3135 бұйрығы

2013 ж. 27 қыркүйек

2013 ж. 27 сәуірсарған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
 «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті»
 шаруашылық жүргізу құқығындағы
 республикалық мемлекеттік кәсіпорышының
ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 АЛМАТЫ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

№ 3947 бұйрығы

2014 ж. 25 11

2014 ж. 25 11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 АЛМАТЫ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

№ 7295 бұйрығы

2017 ж. 12 04

2017 ж. 12 04

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Университет) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Университет «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және ғылым министрлігінің мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы № 1264 қаулысына сәйкес құрылды, «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жетектеген ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын қайта ұйымдастыру және қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 188 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қайта құру нысанымен қайта ұйымдастырылды және «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 27 тамыздағы № 840 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық ғылыми-медициналық кітапхана» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастырылды, және оның құқықтары мен міндеттерінің құқық мирасқоры болып табылады.

3. Университеттің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Университеттің мүлкіне қатысты субъектінің мемлекеттік меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Университетті басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Университеттің атауы:

толық:

мемлекеттік тілде - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова» Министерства здравоохранения Республики Казахстан;

қыска:

мемлекеттік тілде - «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» РМҚ;

орыс тілінде - РГП «КазНМУ им.С.Д.Асфендиярова».

7. Университеттің орналасқан жері: 050012, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 88.

2. Университеттің заңды мәртебесі

8. Университет мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеледі және заңды тұлғаның құқығына ие болады.

9. Университеттің заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Университеттің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Университет Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Университет филиалдар және өкілдіктерді құра алады.

11. Университетпен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге алынған азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап қисықталған деп есептеледі.

3. Университет қызметінің мәні мен мақсаты

12. Университет қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Университет қызметінің мақсаты ұлттық және жалпыадамдық құндылық ғылымдық және тәжірибелік жетістіктерге қол жеткізу, дамуына, қалыптасуына және жеке тұлғаның кәсіптік қалыптасуына бағытталған сапалы білім алуға қажетті жағдайлар құру.

14. Университет қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) білім беру саласында нормативтік құқықтық актілермен көзделген оқытудың барлық нысандары бойынша жоғарғы кәсіптік медициналық және фармацевтикалық жоғары білікті мамандарды дайындау;

2) резидентурада, магистратура және докторантура ғылыми және ғылыми-педагогикалық жоғарғы білікті кадрларды даярлау;

3) денсаулық сақтау саласындағы жоғарғы кәсіптік білімді мамандарды, сонымен қатар жоғарғы білікті ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

4) Университеттің негізгі қызметінің барлық бағыттары бойынша шетел ұйымдарымен тікелей шарттар мен келісім-шарттар жасасу, ғалымдар мен мамандардың уақытша ұжымдарын құру, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметіне қатысу;

5) халықаралық қоғамдық және басқа ұйымдардың бағыттары бойынша, сондай-ақ шетелдік жоғары білім беру мекемелерімен және шетелдік азаматтармен жасалған шарттар және келісім шарттар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе оның атынан жасалған халықаралық келісім бойынша жүзеге асырылатын шетел азаматтарын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

6) Университеттің клиникалық бөлімшелерінің базасында дәрігерге дейінгі, біліктілігі бар, жоғары мамандандырылған және мамандандырылған медициналық көмекті, медициналық-әлеуметтік көмекті, зертханалық диагностиканы қоса алғанда, қолданыстағы заңмен көзделген әртүрлі формадағы медициналық көмекті ұсыну;

7) есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметтер;

8) қазіргі заманғы, тиімді формада және оқыту әдістерін пайдалана отырып, медициналық ғылымға қол жеткізу және тәжірибелік денсаулық сақтау бағытында клиникалық кафедрада оқыту процессіне тиімді жағдай құру;

9) денсаулық сақтау және медициналық білім беру мәселелеріне ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және өткізу;

10) ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми зерттеулері мен шығармашылық қызметі арқылы медициналық-биологиялық ғылымдарды дамыту, алынған нәтижелерді білім беру үрдісі мен денсаулық сақтау практикасында пайдалану;

11) Университеттің ғылымдық және ғылымдық-педагогикалық кадрларын магистратурада және докторантурада жоғарғы оқу орындарында, Қазақстан Республикасының ғылыми орталықтарында және шетел елдерінде даярлау және қайта даярлау;

12) аурудың профилактикасы бойынша денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлескен жұмыстарын ұйымдастыру;

13) автоматтандырылған компьютерлік жүйелерді пайдалана отырып, функционалдық, гематологиялық, функционалдық және морфологиялық зерттеулерді жүргізу;

14) қазіргі заманға сай диагностикалық технологиямен студенттерді, интернлерді және дәрігерлерді оқыту;

15) ғылыми-зерттеушілік қызмет шеңберінде медициналық препараттарға, таңғыш материалдарға, медициналық мақсаттағы заттарға, тағам өнімдеріне, косметикалық тауарларға және емдеу-диагностикалық аппаратураға клиникалыққа дейін, зертханалық және клиникалық сынақтар жүргізу;

16) Университеттің оқу үрдісі мен ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін қажетті жағдайларды жасауға қатысу;

17) денсаулық сақтау және медициналық білім беру саласындағы ғылыми-білім беру іс-шараларын, көрмелерді, семинарларды, конференцияларды, кеңестерді, форумдарды, симпозиумдарды, тренингтерді ұйымдастыру мен өткізуге қатысу;

18) Университет қызметінің бейіні бойынша оқу және ғылыми әдістемелік оқу құралдарын, оқу және ғылыми әдебиетті, оқу нормативтік құжаттарды, газеттерді, журналдарды және өзге де баспа басылымдарын, оның ішінде электрондық тасымалдағыштарда әзірлеу, басып шығару және сату;

19) студенттерге және Университеттің қызметкерлеріне арналған медициналық тамақтану, жатақханада тұру, медициналық қызмет көрсету қызметтерін ұйымдастыру;

20) медициналық кітапханаларға анықтамалық-ақпараттық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

21) ғалымдардың, ғылыми зерттеу ұйымдары қызметкерлерінің ақпараттық сұрауларын автоматтандыру және компьютерлендіру құралдарын қолдану, интернет-ресурстарды енгізу жолымен қанағаттандыру;

22) медициналық кітапханаларда кітапханалық қызмет көрсетудің инновациялық түрлерін енгізу;

23) кітапханалық қызметтер көрсету, оның ішінде практикалық медициналық сақтау, медициналық білім беру және ғылым қызметкерлеріне ақпараттық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету;

24) медицина және денсаулық сақтау саласындағы тарихи мұраларды сақтау, көрмеге экспозицияларды шығаруда ұйымдастыру;

25) Университет осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен маңызына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға қатысу емес.

16. Университеттің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе заңсыз құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы немесе ректорының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті қызметті уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органымен не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Университет ректорының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып саналмай, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соқтырмайды.

4. Университетті басқару

18. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Университеттің қызметін қамтамасыз етушісі болады;
 - 2) Қазақстан Республикасының атынан Университетке қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;
 - 3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Университет қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Университет түрін айқындайды және Университеттің Жарғысын, оған өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;
 - 4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Университетке берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;
 - 5) Университет мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;
 - 6) Университеттің мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын немесе басқа мақсатта пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап екі ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;
 - 7) Университетке алып қойылған мүлікті күтін ұстау және оны кейіннен қайтарумен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;
 - 8) тиісті саланың уәкілетті органына Университетті қайта құруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;
 - 9) Университетке бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, бақылауды мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және қайтаруға келісім береді;
 - 10) Университетке бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға беруге) беруге талдау жүргізеді;
 - 11) Университетке жұмыс істеуі мен оған басқару тиімділігінің қамтамасыз етілуін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;
 - 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне кіретін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
18. Тиісті саланың уәкілетті органы:
- 1) Университет қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарын (көрсететін қызметтерінің) міндетті түрде айқындайды;
 - 2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Университет қызметінің мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Университеттің түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;
 - 3) Университеттің даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі қызметін қарайды, келіседі және бекітеді;
 - 4) Университет мүлкінің сақталуына және Университеттің даму қызметінің орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Университет берген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті қайта бөлуге немесе қайта бөлуге келісімін береді;

6) Университетті басқаруды жүзеге асырады;

7) Университеттің жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Университетті қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Университеттің таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Университет ректорының ұсынымы бойынша оның проректорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатылады;

11) жыл сайын Университеттің еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Университеттің ректорының, оның проректорларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Университет ректорының ұсынымы бойынша Университет директоры мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға келісім береді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

20. Кәсіпорынның ректоры оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5-бабында көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

21. Ректор Қазақстан Республикасының Президентімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Университеттің ректорымен еңбек шарттарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы рәсімдейді.

Еңбес шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі табысты аударылмағаны үшін Университет ректорының жауапкершілігі белгіленеді.

23. Университеттің ректоры Университеттің қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Университеттің ректоры Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылау ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Ректор дара басшылық қағидағарында әрекет етеді және Университет қызметінде барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Ректор:

1) Университеттің атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның қызметінде барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Университеттің мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Университеттің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Университеттің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, қызметтен шығару шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, еңбек кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Университеттің қызметкерлеріне (өзінің проректорлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) қызметтен беруге және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің проректорларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін өзінің саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің проректорлары мен Университеттің басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) өзінің саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Университеттің филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Университеттің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді шығарады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14) Университеттің алқалық басқару нысандары Ғылыми кеңес және Сенаттар кеңесі болып табылады.

Ғылыми кеңестің төрағасы – ректор. Ол өзіне, төраға болмай қалған жағдайда оның міндеттерін атқаратын орынбасарын тағайындайды.

15) Ғылыми кеңес ректордың бұйрығымен құрылады. Ғылыми кеңес ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының, студенттік және аспиранттық ұйымдарының өкілдері кіре алады. Ғылыми кеңес мүшелері өздерінің жұмыс орнының жалпы жиналысында жасырын дауыс беру арқылы тағайындалады.

16) Ғылыми кеңестің құзыретіне Университеттің құрылымын, қызметін дамыту тұжырымдамасын айқындау, Университеттің құрылымдық бөлімшелерін (зертханаларын, кафедраларын, институттарын, институттарын) құру, қайта ұйымдастыру және тарату, бюджеттен тыс қаражаттарды пайдалану тәртібі, сондай-ақ ақылы қызметтерді көрсету және қызметтен босату жолымен Университетпен алынатын кірістерді қайта инвестициялаудың бағыттары туралы ұсыныстарды енгізу, ғылыми қызметті атқаруды, атаулы стипендиялар мен сыйлықақыларды бекіту және беру, Университет қызметкерлерін, шығармашылық ұжымдарын қызметтен шығару туралы мәселелерді шешу.

оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбиелік, қаржы, шаруашылық, ақпараттық және халықаралық қызметінің нысандары және жүргізу әдістері туралы басшылардың жыл сайынғы есептерін тыңдау; оқулықтарды, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік әзірлеулерді қарау және баспаға шығаруға ұсыным беру; диссертациялық зерттеулер бойынша тақырыптарды және магистранттар мен докторанттардың ғылыми жетекші-консультанттарын баспау, шикалық шешімді талап ететін Университеттің ағымдағы қызметінің және де мәселелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері мен Ғылыми кеңестің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау кіреді.

30. Тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, Ғылыми кеңестің отырыстары ай сайын бір рет өткізіледі.

Ғылыми кеңес егер оның мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырысқа қатысатын болса, шешім қабылдауға құқылы.

Ғылыми кеңестің шешімі Ғылыми кеңес мүшелерінің басым көпшілігінің шыққан дауыс беруімен қабылданады.

Жекелеген мәселелер бойынша шешім жабық дауыс беру жолымен қабылданыуы мүмкін.

Ректор Ғылыми кеңес шешімімен келіспеген жағдайда, мәселе тиісті саланың уәкілетті органының қарауына жіберіледі.

Ғылыми кеңес өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университеттің қызметінің ережелеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

31. Қамқоршылық кеңесі өз қызметі барысында Қазақстан Республикасының заңдарын, Университеттің қамқоршылық кеңесінің қызмет ережелерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

Қамқоршылық кеңесі мүшелері өз міндеттерін ақысыз түрде жүзеге асырады.

32. Қамқоршылық кеңесі құрамына:

1) Университет ректоры;

2) басқа да білім беру ұйымдарының өкілдері, тиісті саланың уәкілетті органының өкілдері;

3) жұмыс берушілер және әлеуметтік серіктестер;

4) қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың өкілдері;

5) басқа да мүшелер кіруі мүмкін;

33. Қамқоршылық кеңесінің қызметінің мақсаттары:

1) Университеттің жарғылық қызметін іске асыруға ықпал ету;

2) білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында Университеттің білім алушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті шарттарды жасау;

3) Университетке қаржылық қолдау көрсету, материалдық-техникалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

4) Әрі қарай дамуына ықпал ету;

34. Қамқоршылық кеңесінің қызметінің негізгі бағыттары, құрамын және құрылым және басқа да Қамқоршылық кеңес жұмысының сұрақтары тиісті саланың уәкілетті органымен бекітілген, қамқоршылық кеңесінің қызметінің ережесімен белгіленеді.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорында басқарудың ерекшеліктері

35. «Шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға байқау кеңестерін енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 974 қаулысына сәйкес кәсіпорында кәсіпорын органы – байқау кеңесі енгізілді.

36. Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын критерийлер байқау кеңесі енгізілген кәсіпорындарға қойылатын критерийлерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 712 қаулысымен белгіленген.

37. Байқау кеңесін құру тәртібі, байқау кеңесінің құрамына сайланатын мүшелерге қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін таңдау тәртібі іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидасын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын мүшелерге қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін таңдау тәртібі іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 686 қаулысымен белгіленген.

38. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 шілдедегі № 876 қаулысымен белгіленген.

39. Байқау кеңесі туралы ережені, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу туралы тиісті саланың уәкілетті органы бекітеді.

40. Университеттің байқау кеңесінің мынадай құзыреті бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы бойынша, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын келіседі, университеттің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмектері мен қосымша көздерден қаржы алуға мүмкіндік береді, соның ішінде Университеттің басқаруында қалған таза

қабілетінің бір бөлігінің бөлінуі туралы шешім қабылдайды;

4) бюджеттік қаражаттың және қосымша көздерден алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау үшін Университеттің және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттарымен кедергісіз танысады, және тиісті саланың уәкілетті органына аталған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау жүзеге асыру үшін ұсыныстар жасайды;

5) тиісті саланың уәкілетті органының Университеттің ректорын қаражаттың жұмалуы және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері жөніндегі ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық келісімшартты әзірлеуге қатысады және Университеттің қызметкерлеріне, ректорына, оның проректорларына, бас бухгалтерге даму қаражатымен бекітілген қаражат шегінде қосымша қаржы көздерінен қаражаттарын үстемеақы тағайындау, сыйақы беру және материалдық көмек беру бойынша шешім қабылдайды;

7) бақылау кеңесі хатшысын тағайындайды, өкілеттілігінің мерзімін және қызметтік мөлшерін анықтайды, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын қайтаруға құқығы жоқ;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Университеттің Жарғысына сәйкес қызметімен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасайды;

9) Университет қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар жасайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына Университеттің басқа заңды құрылымдарына қатысуы туралы ұсыныс жасайды;

11) тиісті саланың уәкілетті органына Университеттің филиалдарын, қызметкерлерін құру және жабу бойынша ұсыныстар жасайды.

12) Университеттің бақылау кеңесі отырысы қажеттілігі бойынша, қаражаттың бір ретінен кем емес өткізіледі.

13) Университеттің бақылау кеңесінің мүшесінің талап етуі бойынша қаражаттың құрылымдық бөлімшелері бақылау кеңесінің құзіретіне жататын құжаттар бойынша ақпарат ұсынуға міндетті.

14) Университеттің бақылау кеңесінің мәжілісі егер Университеттің бақылау кеңесінің барлық мүшелері оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабардар болса және мәжіліске Университеттің бақылау кеңесі мүшесінің жартысынан көбі қатысын отырған болса заңды болып табылады. Университеттің бақылау кеңесі мүшесінің өз дауысын бақылау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) тапсыруына рұқсат беріледі.

15) Университеттің бақылау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауыс ғана болады. Дауыс тең түскен жағдайда Кәсіпорынның бақылау кеңесінің мүшесінің дауысы шешуші болып табылады;

16) Университеттің бақылау кеңесінің шешімдері жазбаша түрде қабылданып және оған бақылау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Университеттің құрылымдық бөлімшелері

Бірыңғай оқу-ғылыми-өндірістік кешен ретінде жұмыс істейтін университеттің құрамына: институттар, факультеттер, кафедралар университеттің құрылымдық бөлімшелері мәртебесін иеленген оқу, ғылыми, педагогикалық және басқа да бөлімшелер, оның ішінде: емдеу, педиатриялық, профилактикалық, стоматологиялық, медициналық - профилактикалық институттар, жалпы медицина факультеті, менеджмент факультеті, дипломнан тыс білім беру факультеті (интернаттура), біліктілікті арттыру факультеті, әдістемелік орталық, білім берудің кәсіптік бағдарламаларын іске асыратын институттар, ғылыми-зерттеу институттары, стоматология мен жақсүйек – бет ағартушының оқу-ғылыми клиникалық орталығы, оқу-клиникалық базалар, типография, мұражай, типография, мұрағат, редакция, баспасөз қызметі, баспасөз кіреді.

Институттар, факультеттер оқу-ғылыми-әдістемелік және педагогикалық тиісті оқу жоспарлары мен бағдарламаларды жасайтын әрі жүзеге асыратын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті жағдайларды кафедраларды, оқу лабораторияларын, өзге де құрылымдарды университеттің негізгі құрылымдық бөлімшелер болып табылады.

Жалпыуниверситеттік ғылыми бағдарламаны орындауға қатысатын институттар, ғылыми орталықтар, ғылыми-білім беру орталықтары Университеттің негізгі ғылыми бөлімшесі болып табылады.

Университеттің институттары, факультеттері оқу, ғылыми-зерттеу және басқа да құрылымдық бөлімшелері ректормен бекітілген Ереженің негізінде құрылады және әрекет етеді. Университеттің құрылымдық бөлімшелері туралы Ереже осы Жарғыға қайшы келмеуі тиіс.

Университеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының құзыреті университеттің ректорымен айқындалады.

7. Университетке қабылдау және шығару тәртібі

Азаматтарды Университетке қабылдау төмендегі тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады:

- тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен интернаттура туралы ережеге;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен жоғары оқу орнынан тыс білім берудің кәсіби оқыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру орталықтарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаға;

- Университеттің Қаулысымен бекітілген қосымша кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаға;

- тиісті саланың уәкілетті органмен бекіткен медицина және педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларына;

- Университет ректорымен белгіленген тәртіпте бекіткен Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен.

52. Университетке орташа жалпы (жалпы орташа), бастауыш кәсіби техникалық және кәсіби), орташа кәсіби және жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

53. Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда бекітілген тәртіпте оқуға қабылданады.

54. Университет білім алушыларды қабылдау барысында өзін және өзімен қарым-қатынасын немесе басқа заңды өкілдерін Университет Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиямен және оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру мен қабылдау тәртібін айқындайтын басқа құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті.

55. Университетке түсушілердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру және азаматтарды оқуға қабылдау үшін қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады.

56. Оқытудың барлық нысандары бойынша студенттер контингентін ұйымдастыру қабылдау комиссиясының негізгі міндетті болып табылады.

57. Университет денсаулық сақтау мен білім берудің тиісті саланың уәкілетті органына студенттерді қабылдау барысы және білім беру саласының тиісті саланың уәкілетті органымен бекітілген мерзімі мен формасы бойынша қабылдау туралы қорытынды есептілік жөнінде ақпаратты ұсынады.

58. Оқуға түскен тұлғалармен Университет білім беру саласының тиісті саланың уәкілетті органымен үлгілік нұсқасы бекітілген шартты рәсімдейді.

59. Университет пен білім алушының, оның ата-анасы мен басқа заңды өкілдерінің қарым-қатынасы білім беру қызметін жүзеге асыруына байланысты білім беру қызметін көрсету шартымен реттеледі.

60. Білім алушылар Университеттен келесі негіздер бойынша шығарылуы мүмкін:

1) өзі еркімен;

2) қалаға ұшырауына байланысты, сондай-ақ сот шешімі бойынша шығарылуы болуы, қазаға ұшырауы мойындалған жағдайда;

3) оқуын одан әрі жалғастыру үшін басқа білім беру мекемесіне ауысуына байланысты;

4) еркінсіз себеппен бекітілген мерзімде оқу жоспарын орындамағаны немесе жеке тұлғаның қорындылау аттестациясында қанағаттанарлықсыз баға алғаны үшін;

5) Университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен және Университет жатақханасында тұру Ережесімен қарастырылған студенттік қызметтерін біржолғы өрескел орындамағаны үшін;

6) білушіге бұрын тәртіпке келтіру шарасы қолданылған жағдайда Университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен және Университет

құжаттарына сәйкес Ережесімен қарастырылған міндеттерді жүйелі бұзғаны үшін;

7) оқуды жалғастыру мүмкіндігінен айыратын, білім алушы бас бекеттілігінен айрылуы немесе басқа жазаға тартылғаны туралы Сот үкімі шығару күшіне енген жағдайда,

8) білім алу келісім-шартында қарастырылған шарттарды бұзғаны үшін;

9) Университетке түсу мен оқуға байланысты білім алушы жасанды құжаттар тапсыруы немесе жалған ақпарат ұсынуына байланысты;

10) білім алушының әректі Университеттің іскерлік мәртебесі мен абыройына нұсқан келтіретін жағдайда;

11) академиялық демалыстан шықпауына байланысты;

12) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған басқа да жағдайлар бойынша.

61. Білім алушыларды оқудан шығару деканның ұсынуы бойынша Университет ректорының бұйрығымен орындалады.

Білім алушы Университеттен шығарылған жағдайда, кету қағазы шығарылғаннан кейін оған жеке ісіндегі білімі туралы құжаттың түпнұсқасы мен білім алушының қалауы бойынша бекітілген формадағы академиялық анықтамалар беріледі.

62. Университетте білім беру мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады.

8. Білім беру және тәрбие үрдісін ұйымдастыру

63. Университетте білім беру мазмұны оқу бағдарламаларының негізгі мақсатына, студенттердің оқу жүктемесінің жоғары көлемін, сондай-ақ мамандарды дайындау деңгейінің талаптарын айқындайтын жоғары білім беру үрдісі оқу бағдарламаларының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарында бекітілген талаптарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім беру қызметінің жинағын ұсынады.

Университет үлгілі оқу бағдарламалары негізінде оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындайды және бекітеді, соның ішінде бұрынғы бағдарламалары мен ерекшелігін ескере отырып, жеке тұлғаларға білім беру үшін.

64. Университет оқу сабақтарының басқа түрлерін жүргізе алады. Академиялық сабақ түрлері үшін ұзақтығы 50 минуттан кем емес академиялық сабақ бекітіледі.

65. Оқу сабақтарының ұйымдастыру мақсатында факультет деканының негізінде білім беру тілдік бөлімдері және мамандық профилімен академиялық сабақ ұйымдастырылады.

66. Университет студенттердің білімін ағымдағы қадағалаудың нақты анықтамаларын беруге және анықтауға құқылы.

67. Университет гуманистік сипаттағы білімді, жалпы адами қасиеттердің мәнінен алынған тәрбие тапсырмаларын студенттен мен мамандықтардың оқу, ғылыми, шығармашылық, өндірістік және қоғамдық қызметімен бірге жүзеге асырады.

9. Білімді қадағалау жүйесі

68. Студенттердің білімі, икемділігі мен дағдылары Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министірлігінің бұйрықтары мен Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттарына сәйкес анықталады.

69. Университет білім алушыларға Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттары бойынша оқу-кәсіптік бағдарламаларды меңгеру үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды.

70. Барлық курстардағы (шығарылым курсынан басқа) оқу жылының аясында Университет ректорымен бекітілген Университеттің оқу жұмыс жоспарымен айқындалады.

Оқу жылы 1 қыркүйекте басталады және жұмыс оқу жоспарына сәйкес өткізіледі.

Университетте негізгі оқу сабақтарының келесі түрлері бекітіледі: лекциялар, тәжірбиелік, семинарлар, тәжірбиелік сабақтар, зертханалық жұмыстар, консультациялар, коллоквиумдар, студенттердің өздік жұмыстары, жетекшілігімен студенттің өздік жұмыстары, тәжірбие, бақылау жұмыстары, студенттермен жеке сабақтар, Студенттердің аудиториялық және индивидуальды өздік жұмыстары, консультациялар мен сабақтың басқа түрлері.

Оқу міндеттерінің саны, тәжірбие мен демалыстың ұзақтығы мамандық бағдарламаларына байланысты және Университеттің жұмыс оқу жоспары мен Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттарына сәйкес айқындалады.

Университетте қолданылатын жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасы жоғары білімі бар азаматтарға өзінің ғылыми, педагогикалық және кәсіби біліктілігін көтеруге мүмкіндік береді.

Университет бастапқы, іздестіру және қосымша ғылыми, сондай-ақ педагогикалық зерттеу жүргізеді.

Университет ғылыми зерттеулерін, оқу және әдістемелік жұмыстарды мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және заңнамаға сәйкес жүргізеді.

71. Университеттің жоғары кәсіби білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын орындау мен білім беру қызметін лицензиялау барысында мемлекеттік біліктілік талаптарын сақтауды мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаты болып мемлекеттік аттестация мен білім беру қызметіне құқық беру қарастырылады.

34. Білім беру үрдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

72. Университетте білім алушылардың құқықтары мен міндеттері заңнамамен, осы Жарғымен, Университеттің ішкі тәртіп ережелерімен және білім беру қызметтерін ұсыну туралы шартпен белгіленеді.

73. Университет қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері еңбек заңнамасымен, осы Жарғымен, Университеттің ішкі тәртіп ережелерімен, университеттік ұжымдық және еңбек шарттарының талаптарымен регламенттеледі.

74. Университетте білім алушылар:

1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес білім алуға;

2) Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен жеке оқу жоспарлары, білім берудің қысқартылған оқу бағдарламалары бойынша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары шеңберінде оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстар таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес, білім және қосымша білім беру қызметтерін ақылы негізде алуға;

5) Университетті басқаруға қатысуға;

6) оқу орнына қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір кезеңнен екіншісіне немесе оқудың бір нысанынан екіншісіне ауысуға;

7) Университеттегі ақпараттық ресурстарды ақысыз пайдалануға, Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіппен оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне;

8) спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы ақысыз пайдалануға;

9) өзінің пікірі мен сенімдерін еркін білдіруге;

10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін марапатталуға және сыйақы алуға;

12) бүкіл оқу кезеңінің шығыстарын алдын ала төлеуге, бұл ретте шартнамасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейді;

13) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әскери қызметін орындауға құқығы бар.

75. Медициналық көрсетілімдер бойынша және өзге де ерекше жағдайларда білім алушыға академиялық демалыс беріле алады.

76. Университетте білім алушылар:

1) Таңдаған мамандығы бойынша теориялық білімді, тәжірбиелік дағдыларды жаңа әдістерді меңгеруге;

2) белгіленген мерзімде оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларын оқытуға;

3) денсаулығын күтуге, рухани және дене бітімін өздігінен дамытуға ұмтылуға;

4) амбулаториялық немесе стационарлық ем қабылдау кезінде, растайтын кәсіпкерлерді кейінгі ұсынумен Университетке жазбаша нысанда хабарлауға;

5) осы Жарғының талаптары мен Университеттің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

6) әскери есепке тұру ережелерін сақтауға;

7) Университеттің оқытушыларына, қызметкерлері мен білім қызметкерлеріне құрметпен және сыйайы қарауға;

8) Университет мүлкіне ұқыптылықпен қарауға.

77. Міндеттер орындалмаған кезде студенттерді тәртіпке салу, тіпті Университеттен шығаруға дейінгі шаралар қолданылуы мүмкін.

78. Университет мемлекеттік тапсырыс бойынша бітірген күндізгі білімнің бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетеді.

79. Заңды тұлғалармен шарттар негізінде Университетте даярланған білім берушілер келісім-шарт талаптарына сәйкес жұмысқа жіберіледі.

80. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері келісім-шарт талаптарымен де регламенттелуі мүмкін.

81. Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің:

1) кәсіби қызмет үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуіне;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың талабын сақтау шарты бойынша бағдарламалар мен бекітілген оқу жоспары бойынша жоғары білім оқу үрдісін қамтамасыз ету және педагогтың жеке ерекшеліктеріне қажетті толық жауап беретін оқу формасы мен әдістерін еркін таңдауға;

3) бекітілген тәртіпте біліктілігін көтеруге;

4) Университет пен факультеттің ОҚУ кеңесіне таңдау жасауға және қызмет етуге;

5) Университеттің, факультеттің және өзін-өзі басқарудың басқа органдарының оқу кеңесінің жиналыстарында оқу, әдістемелік, ғылыми, педагогикалық және өндірістік қызметтің маңызды сұрақтарын талқылауға қатысуға;

6) бекітілген тәртіпте халықаралық және республикалық ғылыми, әдістемелік съездерге, конференцияларға, кеңестер қатысуға;

7) Педагогикалық және ғылыми қызметтегі жетістіктері үшін материалдық сыйақы алу мен моралдық мадақталуға, тосбелгілер мен медалдармен марапатталуға, құрмет атақтарын алуға;

8) Өзінің кәсіби ар-намысын қорғауға;

9) Университет әкімшілігінің бұйрығы мен өкімін бекітілген заңды тәртіпте шағымдануға құқығы бар.

82. Университеттің профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамы:

1) педагогикалық және ғылыми үрдістердің жоғары нәтижелілігін, қамтамасыз етуге, білім алушылардың дербестігін, ынтасын, жеке және педагогикалық қабілеттерін дамытуға, білім алушылардың мемлекеттік стандарттан төмен емес білім алуын қол жеткізу;

2) білім мазмұнында жоғары ғылыми деңгей қамтамасыз ететін ғылыми еңбектер жүргізуге, оған білім алушыларды белсенді қатыстыруға

3) өзінің біліктілігін көтеруге;

4) Білім алушылардың оқуы мен тәрбиесін жоғары кәсіби деңгейде жүргізуге, ұлттық, жалпы адамгершілік, рухани-өнегелік құндылықтарды арттыруға тәрбиелеу;

5) Педагогикалық әдеп нормаларымен Университеттің еңбек тәртібі Ережелері мен Жарғысын, құзыреті шегінде заңды және заңды құқылы актілерді сақтауға;

83. Ата-аналар және білім алушылардың өзге де заңды өкілдері Университеттен олардың оқу үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайларына қатысты мәселелерді алуға құқылы.

11. Ақылы қызметтер көрсетудің тізімі мен тәртібі

84. Университет бюджет қаражаты есебінен білім алушыларға ақысыз білім беру қызметтерін ұсынумен қатар, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді.

85. Университет денсаулық сақтау саласындағы ақылы қызметтерді «Ақылы денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне сәйкес көрсетеді.

86. Ақылы білім беру қызметтерін іске асыруға байланысты, Университет пен білім алушының, оның ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары білім беру деңгейін, оқу мерзімін, оқуға қатысты ақы мөлшерін, өзге де жағдайларды айқындайтын, ақылы негізде тағайындайтын шарттарды (атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді) ұсынуға қатысты шартпен реттеледі.

87. Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тізбесі осы Жарғының 3-бөлімінің 4-тармағында анықталады.

12. Университеттің мүлкі

88. Университеттің мүлкін құны Университеттің дербес теңгерімінде көрсетілетін Университеттің барлық активтері құрайды.

89. Университеттің мүлкі бөлінбейді және оны салымдар (үлестер, табыстар) бойынша, соның ішінде Университет қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

90. Университеттің мүлкі қалыптасады:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай кірістерді қоспағанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де аражат негіздерінің есебінен қалыптастырылады.

91. Жеке меншік құқығын алу мен тоқтату және басқа мүліктік құқықтар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте шаруашылық жүргізу құқығындағы сатып алу мен тоқтату, егер басқа осы Жарғымен қарастырылмаса немесе осы мүліктік құқық табиғатына қайшы келмесе жүргізіледі.

92. Жағдайлар мен тәртіпте алу және тоқтату жеке құқығы және басқа мүліктік құқықтары үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен қарастырылған шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер Осы Жарғымен онда басқалары қарастырылмаса немесе осы мүліктік құқыққа

93. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті пайдаланудан жемістер, өнімдер және кірістер, сондай-ақ Университетпен келісім шарт немесе басқа негіздемелер бойынша сатып алынған мүлік жеке меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Университет шаруашылық жүргізу құқығына түседі.

94. Университетке оны бекіту туралы шешім қабылдау меншікке қатысты шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікке, егер Қазақстан Республикасы заңнамасымен немесе жеке меншік шешімімен тұрақталмаған басқа болса, мүлікті оның теңгеріміне Университетке бекіту сәтінен бастап пайда болады,

95. Университеттің негізгі құралдарға жататын, шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген мүлікке, сондай-ақ тиесілі акцияларға қатысты сатуға және сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.

96. Жеке меншік құқығын тоқтату үшін, сондай-ақ осы Жарғының 97-тармағында қарастырылған жағдайлар үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабымен қарастырылғандар Университет мүлігіне шаруашылық жүргізу құқығы негіздемелер және тәртіп бойынша тоқтатылады.

97. Осы Жарғының 96-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негізгі, Университет жеке меншік иесінің шешімі бойынша мүлікті құқылы алу жағдайларында шаруашылық жүргізу құқығы

Оның ішінде, құқылы алу жағдайлары:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Университеттің жарғылық мақсаттарына сай келмейтін мүлікті алу;
- қолданылмайтын немесе қолданылса да арнайы қолданылмайтын мүліктің артығын алу.

98. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде меншіктік мүлік бойынша уәкілетті орган Университетке оны өзге тұлғаға беруге дейін ұстаудың және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін қамтамасыз етеді.

99. Денсаулық сақтау саласындағы өкілетті органының ұсынымы бойынша меншіктік мүлік бойынша уәкілетті органының жазбаша келісімімен Университет құқылы:

1) филиалдар, өкілдіктер мен еншілес кәсіпорындарды құруға;

2) өзіне тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ кредиторлық берешекке билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе қамтамасыз етіліс беруге;

4) қарыздар беруге.

100. Университет өзіне шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

101. Егер Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексімен меншік иесі (бюджеттік мүлік бойынша уәкілетті орган) өзгеше белгілемесе, осы Жарғының 99 және 100-тармақтарына сәйкес мүлікпен жасалатын қаржы операциялары мен операциялардан алынған ақшаны Университет дербес пайдаланады.

13. Университеттің қызметін қаржыландыру

102. Университет қызметі Қазақстан Республикасы бюджеттік заңнамасымен көзделген тәртіппен алынған жеке меншік кірісі есебінен және бюджеттік қаржы есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыланады.

Университеттің даму жоспарын әдістеу және бекіту Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталады.

103. Университет таза кірісінің бөлігін аударымдар нормативтері Қазақстан Республикасы Үкіметімен тұрақтандырылады.

Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексімен тұрақталған тәртіпте бекітілген нормативтер бойынша Университет таза кірісінің бір бөлігі бюджетке сәйкес есепке алынады.

Университет Ұжымдық табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін тұрақталған мерзімнен кейін он жұмыс күнінен калмай таза кіріс бөлігін тиісті бюджетке аударуды жүргізеді.

104. Университет өзі өндіретін өнімді өздігінен өткізеді.

105. Университет өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағалары Университеттің оларды өндіруге кеткен шығындарын толық өтеуге, осы қызметін шығынсыз етуге және өз кірісі есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Тиісті сала өкілетті органының келісімі бойынша Университетпен тауарлар (қызметтер) көлемі шеңберінде бюджеттен қаржыландыратын тауарларға (жұмысқа, қызметке) баға бекітіледі.

106. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынған, заңнамалармен қарастырылмаған қызметті жүргізгеннен алынған кірістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіпте бюджетке аударылатын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге бекітілген құндарды көтеру мақсатында алынған кірістер) алуға жатады.

14. Университеттің жарғылық капиталы

107. Университеттің жарғылық капиталының мөлшері 2 391 896 465 теңге 64 тиынды (екі миллиард үш жүз тоқсан бір миллион сегіз жүз тоқсан алты мың төрт жүз алпыс бес теңге 64 тиынды) құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Университеттің мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

15. Университеттің есепке алуы мен есептілігі

108. Университеттің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Университет ректоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

109. Университет жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

110. Университет байқау кеңесімен бірге жылдық қаржылық есеп беру ережесін жүргізуге міндетті. Университет аудиті байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша Университет қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

16. Университеттің жауапкершілігі

111. Университет өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкінен жауап береді.

17. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

112. Университеттің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

113. Университеттің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес жүзеге келеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына сәйкес келмеуі тиіс.

18. Университет қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

114. Университеттің еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

115. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Университет дербес анықтайды.

116. Университет ректорының, проректорлардың, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

19. Университетті қайта ұйымдастыру және тарату

117. Университетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Университет Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

118. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Университетті қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

119. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған қарызын Университеттің мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган сату береді.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған қарызын Университеттің ақшасы, Университеттің мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

20. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

120. Университеттің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Ректор А.А. Ақанов



Утвержден
приказом Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов
Республики Казахстан
от «18» мая 2012 года
№ 475



УСТАВ
Республиканского государственного предприятия
на праве хозяйственного ведения
«Казахский национальный медицинский университет
имени С.Д. Асфендиярова»
Министерства здравоохранения Республики Казахстан

город Алматы, 2012 год

1. Общие положения

